

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2676 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. ҚР 1997.06.19 № 134 Заңымен енгізілген толықтырулар мен өзгертулер 1998 жылғы 1 қаңтарынан бастап күшіне кіреді.

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.07.26 № 462 Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "прокуратура," "прокуратура" деген сөздерден кейін тиісінше "азаматтық қорғау," ", азаматтық қорғау" деген сөздермен толықтырылды – ҚР 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

I. Жалпы Ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасының азаматтары жемісті мемлекеттік, қоғамдық, шығармашылық қызметі, еңбектегі және жауынгерлік ерліктері үшін, олардың Қазақстан Республикасына сіңірген еңбегінің танылуының белгісі ретінде мемлекеттік наградалармен наградталады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың да наградталуы мүмкін.

Мемлекеттік наградаларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Мемлекеттік наградалармен наградтауды Қазақстан Республикасының Президенті жүзеге асырады.

2-бап. Ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгілері - "Алтын Қыран" ордені, "Халық қаһарманы", "Қазақстанның Еңбек Ері" атақтары, сондай-ақ басқа да ордендер, медальдар, құрметті атақтар Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары болып табылады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.12.01 № 93-IV; 13.01.2025 № 157-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік наградаларының атаулары мемлекеттік тілде белгіленеді.

Мемлекеттік наградалардың сипаттамасын, "Алтын Қыран" ордені, "Халық қаһарманы", "Қазақстанның Еңбек Ері" кітапшаларының, орден кітапшаларының,

медальдарға куәліктердің және құрметті атақтар берілгені туралы куәліктердің үлгілерін, мемлекеттік наградаларға ұсыну және оларды тапсыру тәртібін, басқа да құжаттар мен ережелерді Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.12.01 № 93-IV Заңымен.

4-бап. "Алтын Қыран" орденімен наградтау үшін кандидатураларды Қазақстан Республикасының Президенті анықтайды.

Өзге мемлекеттік наградалармен наградтауға ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының Құрылтайы, Үкіметі, Қазақстан Халық Кеңесі, орталық және жергілікті атқарушы органдар, шығармашылық одақтар мен басқа да ұйымдар енгізеді.

Наградтау үшін кандидатураларды еңбек ұжымдары қарап, ұсынуы мүмкін.

Шет ел азаматтары наградтауға ұсынуды жалпы негіздерде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, өзге де орталық атқарушы органдары жүргізеді.

Азаматтарды кезекті наградаға ұсыну, көп балалы аналарды наградтауға және қаһармандық ерлік жасауға, қиын-қыстау жағдаяттарға байланысты ерекше реттерді қоспағанда, осының алдындағы наградтау сәтінен бастап бес жыл өткен соң жүргізіледі.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Бір адам дәрежелері бар наградалардан басқа ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгілерімен, сол орденмен немесе медальмен екі мәрте наградталмайды.

Сол бір құрметті атақ қайталап берілмейді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен қайтыс болғаннан кейін наградтау еліміздің мүддесін қорғау кезінде көрсеткен батылдығы, ерлігі, қаһармандығы үшін және адам өмірін құтқаруға байланысты жағдайларда жүргізілуі мүмкін.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - ҚР 1999.07.26 № 462; өзгеріс енгізілді – ҚР 13.01.2025 № 157-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.05.2026 № 289-VIII Заңдарымен.

6-бап. Қазақстан Республикасының кез келген орденімен наградталған адамдар осы орденнің иегерлері деп аталады.

7-бап. Наградалар жөніндегі ұсыныстарды алдын ала қарап, дайындау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия құрылады. Комиссияның құрамын және оның қызметі туралы Ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

II. Ең жоғарғы дәрежелі ерекшелік белгілері

8-бап. "Алтын Қыран" (Золотой Орел) ордені Қазақстан Республикасының ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі болып табылады.

"Алтын Қыран" орденімен азаматтар Қазақстан Республикасына сіңірген мемлекеттік ерекше еңбегі үшін наградталады.

"Алтын Қыран" орденімен бұрын Қазақстан Республикасының немесе КСР Одағының ордендерінің бірімен наградталған азаматтар наградталады.

9-бап. Қазақстан Республикасының Президенті лауазымы бойынша айрықша үлгідегі "Алтын Қыран" орденінің иегері болып табылады.

10-бап. "Халық қаһарманы" (Народный герой) атағы Қазақстан Республикасына сіңірген аса үздік еңбегі, оның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы жауынгерлік ерліктері үшін беріледі.

"Халық қаһарманы" атағына ие болған адамдарға айрықша ерекшелік белгісі - Алтын жұлдыз және "Отан ордені" тапсырылады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы өзінің мәртебесі бойынша айрықша ерекшелік белгісі - Алтын жұлдыз және "Отан" ордені тапсырыла отырып, "Халық қаһарманы" (Народный герой) атағының иегері болады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.07.26 № 462, 2007.07.21 № 307; 02.01.2012 № 525-IV; 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-1-бап. "Қазақстанның Еңбек Ері" атағы Қазақстан Республикасын экономикалық, әлеуметтік-гуманитарлық дамытудағы аса үздік жетістіктері үшін беріледі.

"Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдарға айрықша ерекшелік белгісі — Алтын жұлдыз және "Отан" ордені тапсырылады.

Ескерту. II-тарау 10-1-баппен толықтырылды - ҚР 2008.12.01 № 93-IV Заңымен.

III. Ордендер

11-бап. Қазақстан Республикасының ордендері:

- "Отан";
 - "Барыс";
 - "Даңқ";
 - "AL-Farabi";
 - "Qoja Ahmet Yasaui";
 - "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев"
- ;
- "Мейірім";
 - "Айбын";
 - "Парасат";
 - "Достық";
 - "Ел бірлігі";

- "Құрмет";
- "Еңбек Даңқы";
- Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын өзге де ордендер.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда – ҚР 14.05.2026 № 289-VIII; өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. "Отан" орденімен азаматтар:

- мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі;
- экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті дамытудағы;
- мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі, демократия мен әлеуметтік прогресті дамытудағы айрықша еңбегі үшін наградталады.

12-1-бап. Алып тасталды – ҚР 14.05.2026 № 289-VIII Заңымен.

12-2-бап. "Барыс" орденімен наградтау:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттігі мен егемендігін нығайту ісіндегі;
- бейбітшілікті, қоғамның топтасуы мен Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз етудегі;
- мемлекеттік, өндірістік, ғылыми, әлеуметтік-мәдени және қоғамдық қызметтегі;
- халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайтудағы, ұлттық мәдениеттерді жақындастыру мен оларды өзара байытудағы, мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды нығайтудағы айрықша еңбегі үшін жүргізіледі.

"Барыс" ордені үш дәрежеден тұрады:

- I дәрежелі "Барыс";
- II дәрежелі "Барыс";
- III дәрежелі "Барыс".

I дәреже орденнің жоғары дәрежесі болып табылады. Наградтау III дәреже, II дәреже, I дәреже ретімен жүргізіледі.

Ерекше жағдайларда айрықша көзге түскені үшін Мемлекет басшысының шешімімен наградтау реттілік ескерілмей жүргізілуі мүмкін.

Ескерту. III-тарау 12-2-баппен толықтырылды - ҚР 2001.05.03 № 180 Заңымен.

13-бап. "Даңқ" орденімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының жоғары офицерлік құрамдағы адамдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының және мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің жоғары басшы құрамдағы адамдары:

- әскерлерге басшылық жасау және оларды басқару ісіндегі табыстары, әскерлердің жоғары жауынгерлік даярлығы және елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз еткені үшін;
- әскери, шекаралық және ішкі қызметті үздік ұйымдастырғаны, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз еткені, заңдылықты және қоғамдық тәртіпті сақтауды нығайтқаны үшін наградталады.

"Даңқ" ордені екі дәрежеден тұрады:

- I дәрежелі "Даңқ";
- II дәрежелі "Даңқ".

I дәреже орденнің жоғары дәрежесі болып табылады. Наградтау II дәреже және I дәреже ретімен жүргізіледі.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 1999.07.26 № 462; өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.07.04 № 473, 2012.01.18 № 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2025 № 157-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.05.2026 № 289-VIII Заңдарымен.

13-1-бап. "AL-FARABI" орденімен Қазақстан Республикасына сіңірген зор еңбегі үшін, білім мен ғылым, мәдениет пен рухани өмір салаларында елеулі табыстарға қол жеткізген Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары марапатталады.

Ескерту. 13-1-баппен толықтырылды – ҚР 14.05.2026 № 289-VIII Заңымен.

13-2-бап. "QOJA AHMET YASAU" орденімен Қазақстан Республикасының дамуына ерекше еңбек сіңірген отандық және шетелдік ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ мемлекеттікті нығайтуға, қоғамдық-саяси, әлеуметтік, ағартушылық, мәдени және гуманитарлық салаларды дамытуға үлес қосқан азаматтар марапатталады.

Ескерту. 13-2-баппен толықтырылды – ҚР 14.05.2026 № 289-VIII Заңымен.

13-3-бап. "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев" орденімен Қазақстан Республикасының қалыптасуына, көркеюіне және даңқын шығаруға ықпал еткен мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі айрықша еңбегі үшін Қазақстан Республикасының азаматтары марапатталады.

"Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев" орденімен Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін шет мемлекеттердің басшылары мен үкімет басшылары марапатталуы мүмкін.

Ескерту. 13-3-баппен толықтырылды – ҚР 14.05.2026 № 289-VIII Заңымен.

13-4-бап. "Мейірім" орденімен жоғары әлеуметтік жауапкершілік танытқан, қайырымдылық қызметке, оның ішінде меценаттық немесе филантропиялық қызметке қомақты үлес қосқан азаматтар марапатталады.

Ерекше жағдайларда айрықша көзге түскені үшін Мемлекет басшысының шешімімен "Мейірім" орденімен марапаттау белгіленген мерзімдер ескерілмей жүргізілуі мүмкін.

Ескерту. 13-4-баппен толықтырылды – ҚР 14.05.2026 № 289-VIII Заңымен.

14-бап. "Айбын" орденімен Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы арнаулы

мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының және мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің қызметкерлері:

- жауынгерлік әзірлікте, әскерлерді жоғары жауынгерлік даярлықта ұстауда және жаңа әскери техниканы игеруде, заңдылықты және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде қол жеткізген табыстары үшін;

- әскери және қызметтік борышын атқару үстінде көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы, сондай-ақ мемлекет мүддесін қорғау кезінде жасаған ерлігі үшін наградталады.

"Айбын" ордені үш дәрежеден тұрады:

- Сағадат Нұрмағамбетов атындағы I дәрежелі "Айбын";
- Бауыржан Момышұлы атындағы II дәрежелі "Айбын";
- Рахымжан Қошқарбаев атындағы III дәрежелі "Айбын".

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы I дәрежелі және Бауыржан Момышұлы атындағы II дәрежелі "Айбын" ордендерімен кіші, аға және жоғары офицерлер құрамдарындағы адамдар марапатталады.

I дәреже орденнің жоғары дәрежесі болып табылады. Наградтау: II дәреже және I дәреже ретімен жүргізіледі.

Рахымжан Қошқарбаев атындағы III дәрежелі "Айбын" орденімен сарбаздар, матростар, сержанттар, старшиналар наградталады.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 1999.07.26 № 462; өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.07.04 № 473, 2007.05.22 № 255, 2012.01.18 № 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 № 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.04.2024 № 78-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 13.01.2025 № 157-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.05.2026 № 289-VIII Заңдарымен.

15-бап. "Парасат" орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор жеке үлес қосқан не адам құқықтарын және оның әлеуметтік мүдделерін қорғау жөніндегі белсенді қызметі үшін азаматтар наградталады.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап. "Достық" орденімен азаматтар қоғамда өзара татулықты сақтау жөніндегі жемісті жұмысы, халықтар арасында бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға сіңірген еңбегі үшін наградталады.

"Достық" ордені екі дәрежеден тұрады:

- I дәрежелі "Достық";
- II дәрежелі "Достық".

Наградтау реттілік ескерілмей жүргізілуі мүмкін.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.07.26 № 462 Заңымен.

16-1-бап. "Ел бірлігі" орденімен азаматтар ұлт бірлігін нығайту және қоғамдық татулықты қамтамасыз ету жолындағы жемісті еңбегі үшін наградталады.

Ескерту. Заң 16-1-баппен толықтырылды – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. "Құрмет" орденімен азаматтар экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білім беру ісін дамытуға сіңірген еңбегі, мемлекеттік органдардағы мінсіз қызметі және белсенді қоғамдық қызметі үшін наградталады.

17-1-бап. "Еңбек Даңқы" орденімен өнеркәсіп, көлік, құрылыс, ауыл шаруашылығы, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру және басқа да салалардың жұмыскерлері кәсіпорындардағы, мекемелердегі, ұйымдардағы жемісті еңбегі үшін, сондай-ақ тиісті салалардағы жоғары көрсеткіштері үшін наградталады.

"Еңбек Даңқы" ордені үш дәрежеден тұрады:

- I дәрежелі "Еңбек Даңқы";
- II дәрежелі "Еңбек Даңқы";
- III дәрежелі "Еңбек Даңқы".

I дәреже орденнің жоғары дәрежесі болып табылады. Наградтау III дәреже, II дәреже және I дәреже ретімен жүргізіледі.

"Еңбек Даңқы" орденінің үш дәрежесінің иегерлері мәртебесі бойынша "Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдарға теңестіріледі.

Ескерту. III-тарау 17-1-баппен толықтырылды - ҚР 27.06.2014 № 212-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 17.03.2015 № 293-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР 09.11.2020 № 373-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

IV. Медальдар

18-бап. Қазақстан Республикасының медальдары:

- "Ерлігі үшін";
- "Жауынгерлік ерлігі үшін";
- "Ерен еңбегі үшін";
- "Шапағат";

– Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын өзге де медальдар.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда – ҚР 14.05.2026 № 289-VIII; өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-бап. "Ерлігі үшін" медалімен азаматтар:

- адам өмірін сақтап қалуға байланысты қиын-қыстау жағдайларда (суға кету, өртке душар болу, дүлей апаттар кезінде);
- қылмысқа қарсы күресте көрсеткен ержүректігі мен жанқиярлығы үшін наградталады.

20-бап. "Жауынгерлік ерлігі үшін" медалімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының және мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің қызметкерлері:

- әскери бөлімнің, бөлімшенің жауынгерлік міндеттерді ойдағыдай орындауына жәрдемдесетін ұрыстағы, сондай-ақ қылмысқа қарсы күрестегі білгір, бастамашыл әрі батыл іс-әрекеті үшін;

- мемлекеттік шекараны қорғау кезінде көрсеткен ерлігі үшін;
- қызмет өткеру кезінде сіңірген қызметі үшін наградталады.

Ескерту. 20-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.07.26 № 462, 2002.07.10 № 338, 2003.07.04 № 473, 2012.01.18 № 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.05.2026 № 289-VIII Заңдарымен.

21-бап. "Ерен еңбегі үшін" медалімен азаматтар экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі және мемлекеттік қызметтегі еңбек жетістіктері үшін наградталады.

22-бап. "Шапағат" медалімен азаматтар белсенді және жемісті қызметі, мейір-шапағаты мен қайырымдылығы үшін наградталады.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 16.11.2015 № 403-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-бап. Қазақстан Республикасының ордендері мен медальдарының мәнділігі жағынан реттілігі Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіп бойынша белгіленеді.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.07.26 № 462; 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

V. Құрметті атақтар

24-бап. Қазақстан Республикасында мынадай құрметті атақтар белгіленеді:

"Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері";

"Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы";

"Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері";

"Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері";

"Қазақстанның еңбек сіңірген инженері";

"Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы";

"Қазақстанның еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері";

"Қазақстанның еңбек сіңірген кеншісі";

"Қазақстанның еңбек сіңірген геологы";

"Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы";

"Қазақстанның көлік саласының еңбек сіңірген қайраткері";

"Қазақстанның аграрлық саласының еңбек сіңірген қайраткері";

"Қазақстанның су шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қайраткері";

"Қазақстанның халық әртісі";

"Қазақстанның халық жазушысы";

– Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын өзге де құрметті атақтар.

"Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы" құрметті атағына ие болған адамдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар.

"Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" құрметті атағына ие болған педагогтер "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мөлшерде біржолғы төлем алады.

"Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері" құрметті атағына ие болған медицина қызметкерлері "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген мөлшерде біржолғы төлем алады.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.02 № 211-IV (01.01.2010 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 27.12.2019 № 294-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.10.2023 № 33-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 19.04.2024 № 74-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2024 № 148-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) **Зандарымен.**

25-бап. Қазақстан Республикасының құрметті атақтары:

– "Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері" – Қазақстан Республикасына сіңірген зор еңбегі үшін көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлеріне, ғылым, мәдениет, өнер, өндіріс және әлеуметтік саланың өкілдеріне;

– "Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" – аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін педагогтерге;

– "Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері" – денсаулық сақтау саласындағы аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін медицина қызметкерлеріне;

– "Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері" – бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасына ие болған, ғылым және техника саласындағы аса үздік жетістіктері үшін ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі бар ғалымдарға;

– "Қазақстанның еңбек сіңірген инженері" – бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасына ие болған, энергетика, байланыс, жобалау саласында жұмыс істеген және технологияларды дамытуға елеулі үлес қосқан қызметкерлер мен жұмыскерлерге;

– "Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы" – бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасына ие болған, құрылыс, сәулет және жобалау саласында жұмыс істеген, құрылыс техникасын дамытуға және жетілдіруге елеулі үлес қосқан қызметкерлер мен жұмыскерлерге;

– "Қазақстанның еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері" – бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасына ие болған, Қазақстан Республикасының өнеркәсіп, металлургия, технологиялар, автоматтандыру және басқа да салаларын дамытуға елеулі үлес қосқан қызметкерлер мен жұмыскерлерге;

– "Қазақстанның еңбек сіңірген кеншісі" – бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасына ие болған, тау-кен өндіру өнеркәсібі мен шахта құрылысын дамытуға, жаңа техника мен технологияларды зерттеу мен жетілдіруге елеулі үлес қосқан қызметкерлер мен жұмыскерлерге, сондай-ақ кәсіпорындағы аварияларды жою және жазатайым оқиғалардың алдын алу кезінде көрсеткен бастамасы мен батылдығы үшін кеншілерге;

– "Қазақстанның еңбек сіңірген геологы" – бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасына ие болған, геологиялық барлау өндірісіне озық технологияларды енгізгені және жер қойнауын барлағаны үшін, минералдық-шикізат базасын, геологиялық барлауды құрғаны үшін, геологиялық, геофизикалық, гидрогеологиялық, топографиялық-геодезиялық қызметтер мен геологиялық-зерттеу ұйымдарын дамытуға елеулі үлес қосқан қызметкерлер мен жұмыскерлерге;

– "Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы" – белгіленген ғарыштық ұшу бағдарламасын ойдағыдай жүзеге асырған, алдарына қойылған ғылыми-техникалық, зерттеушілік және практикалық міндеттерді мінсіз орындаған азаматтарға;

– "Қазақстанның көлік саласының еңбек сіңірген қайраткері" – бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасына ие болған, көлік саласында жұмыс істеген теміржол, әуе, су, автомобиль, құбыржол көлігі және басқа да көлік түрлерінің қызметкерлері мен жұмыскерлеріне, сондай-ақ тасымалдау және көлікте көрсетілетін қызметтер сапасын жетілдіргені, материалдық және отын ресурстарын үнемдегені үшін

, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғауды жақсарту бағытында елеулі үлес қосқан басқа да жұмыскерлерге;

– "Қазақстанның аграрлық саласының еңбек сіңірген қайраткері" – бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасына ие болған, ауыл шаруашылығы қызметкерлері мен жұмыскерлеріне, оның ішінде малшыларға, өсімдік өсірушілерге, фермерлерге, агрономдарға, ветеринарларға, бағбандарға және аграрлық саланың басқа да жұмыскерлеріне, сондай-ақ ғылыми және басқа да ұйымдардың, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласына қызмет көрсететін ұйымдардың ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін жұмыскерлеріне;

– "Қазақстанның су шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қайраткері" – бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасына ие болған, су шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосқан қызметкерлер мен жұмыскерлерге, гидротехниктерге, мелиораторларға;

– "Қазақстанның халық әртісі" – бұрын "Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі" (Заслуженный артист Казахстана) және (немесе) "Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері" (Заслуженный деятель Казахстана) құрметті атағына ие болған, Қазақстан Республикасының театр, цирк, музыка өнері мен кино өнерін дамытуға ерекше үлес қосқан адамдарға;

– "Қазақстанның халық жазушысы" – бұрын "Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері" ("Заслуженный деятель Казахстана") құрметті атағына ие болған, Қазақстан Республикасының әдебиетін дамытуға айрықша үлес қосқан адамдарға және (немесе) әдебиет саласындағы Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлықтарының лауреаттарына беріледі.

Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2024 № 148-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

26-бап. Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына ие болған адамдарға белгіленген үлгідегі омырауға тағатын белгі табыс етіледі.

VI. Көп балалы аналарға арналған наградалар

27-бап. Мына алқалар көпбалалы аналарға арналған наградалар болып саналады:

- "Алтын алқа";
- "Күміс алқа";

– Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын өзге де алқалар.

Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда – ҚР 14.05.2026 № 289-VIII; өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

28-бап. "Алтын алқа" алқасымен Қазақстан Республикасының азаматтығы бар, жеті және одан да көп бала туған және тәрбиелеп өсірген аналар наградталады.

"Алтын алқа" алқасымен наградтау осы ананың жетінші баласы бір жасқа жеткен және басқа балалары тірі болған ретте жүргізіледі.

"Алтын алқа" алқасымен наградтау кезінде, сондай-ақ:

- ананың заңда белгіленген тәртіппен асырап алған;

- Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғау кезінде немесе өзге қызметтік міндеттерін атқару үстінде қаза тапқан не болмаса хабарсыз кеткен, дүлей апаттар кезінде не адам өмірі мен материалдық құндылықтарды құтқару жөнінде азаматтық борышын атқару үстінде, қылмысқа қарсы күресте және қоғамдық тәртіп күзетінде қаза тапқан, сондай-ақ аталған жағдаяттар кезінде жаралану, мертігу немесе ауруға шалдығу не еңбек жарақаты немесе кәсіби ауру салдарынан қайтыс болған балалар ескеріледі.

Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.02 № 211-IV (01.01.2010 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.01.2025 № 157-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

29-бап. "Күміс алқа" алқасымен Қазақстан Республикасының азаматтығы бар, алты бала туған және тәрбиелеп өсірген аналар алтыншы баласы бір жасқа жеткен және басқа балалары тірі болған ретте наградталады.

"Күміс алқа" алқасымен наградтау кезінде, сондай-ақ осы Заңның 28-бабының үшінші бөлігінде аталған балалар да ескеріледі.

Ескерту. 29-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.07.26 № 462, 2009.12.02 № 211-IV (01.01.2010 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.01.2025 № 157-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

30-бап. "Алтын алқа" және "Күміс алқа" алқаларының Қазақстан Республикасының ордендері мәртебесі болады.

VII. Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасы

Ескерту. VII-бөлім алып тасталды – ҚР 13.01.2025 № 157-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

VIII. Ордендерді, медальдарды және басқа да ерекшелік белгілерін тағып жүру тәртібі

32-бап. Ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгілері - "Алтын Қыран" ордені, Алтын жұлдыз сол жақ омырауға ордендер мен медальдардың үстінен тағылады.

Құрметті атақтар белгілері оң жақ омырауға тағылады.

33-бап. Қазақстан Республикасының ордендері мен медальдары сол жақ омырауға осы Заңның 11 және 18-баптарында көрсетілген реттілікпен тағылады.

Орден белгісін иық лентасына тағу кезінде ол оң иық арқылы өтеді. Осы орденнің жұлдызы сол жақ омырауға ордендерден солға қарай орналасады.

Наградталған адамдар ордендер мен медальдардың орнына белгіленген үлгідегі наградалар рәмізін тағып жүре алады.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.07.26 № 462 Заңымен.

33-1-бап. Наградталушыда бұрынғы КСРО-ның және өзге де шет мемлекеттердің мемлекеттік наградалары болған жағдайда КСРО-ның және шет мемлекеттердің наградалары осы Заңның 11 және 18-баптарында белгіленген ретпен Қазақстан Республикасының наградаларынан кейін тағылады.

Ескерту. VIII-тарау 33-1-баппен толықтырылды - ҚР 1999.07.26 № 462 Заңымен.

IX. Мемлекеттік наградалардың және олармен наградталған адамдардың мәртебесі

34-бап. Жоғары дәрежелі ерекшелік белгілері "Отан" орденіне немесе "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев" орденіне ие болған азаматтарды наградтау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын Қазақстан Республикасының Даңқ Кітабына жазылады.

Қазақстан Республикасының Даңқ Кітабын жүргізу және сақтау ережесін, сондай-ақ оның сипаттамасын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 34-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.05.03 № 180, 2007.07.21 № 307, 2010.06.14 № 290-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

35-бап. Алынып тасталды - ҚР 1997.06.19 № 134-І Заңымен.

36-бап. "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұрғынжаймен бірінші кезекте қамтамасыз етіледі.

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналарға Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген негізде және тәртіппен ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы төленеді.

Ескерту. 36-бап жаңа редакцияда - ҚР 06.05.2019 № 251-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 13.01.2025 № 157-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

37-бап. "Күміс алқа" алқасымен наградталған көп балалы аналарға жеңілдіктер жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен белгіленуі мүмкін.

Ескерту. 37-бап жаңа редакцияда - ҚР 1999.07.26 № 462 Заңымен.

38-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына ие болған адамдар олардың сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Мемлекеттік наградалар мен оларға қоса берілген құжаттар жоғалған жағдайда наградталғандар өздерінің наградаларға құқығын сақтайды.

Жоғалғандардың орнына "Алтын Қыран" орденінің, Алтын жұлдыздың, ордендердің, медальдар мен омырауға тағатын ерекшелік белгілерінің дубликаттары, әдетте, берілмейді. Ерекшелік ретінде олар Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның шешімімен өрт, жер сілкіну және басқа да дүлей апаттар салдарынан жоғалған, яғни наградталған адам оларды жоғалудан сақтап қала алмаған жағдайда ғана беріледі.

Наградтау туралы құжаттар жоғалған жағдайда олардың дубликаттары жергілікті атқарушы органдардың өтініші бойынша Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның шешімімен беріледі.

39-бап. Қайтыс болған наградталған азаматтардың және қаза тапқаннан кейін наградталғандардың Қазақстан Республикасы ордендері, медальдары, құрметті атақтарына қоса берілетін омырауға тағатын белгілері, сондай-ақ оларды наградтау туралы құжаттар отбасына естелік ретінде сақтауға қалдырылады.

Қайтыс болған кісінің мұрагерлерінің келісуімен оның наградалары мен наградталуы туралы құжаттары сақтау және экспонат ретінде көрсету үшін мұражайларға берілуі мүмкін.

Егер қайтыс болған кісінің мұрагерлері жоқ болса, оның наградалары мен наградталуы туралы құжаттары Қазақстан Республикасының Президентіне қайтарылады.

39-1-бап. Мемлекеттік наградалармен наградталған Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ адамдардың наградталуы туралы құжаттары болған жағдайда, бұл наградаларды Қазақстан Республикасынан тыс жерге алып кетуге құқығы бар.

Бағалы металдардан жасалған мемлекеттік наградаларды алып кету тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Ескерту. IX-тарау 39-1-баппен толықтырылды - ҚР 1999.07.26 № 462; өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

Х. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын айыру

40-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларынан айыруды наградталған адам қылмысы үшін сотталған жағдайда - заңда белгіленген негізде және тәртіппен соттың ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті жүргізеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларынан айырған кезде олар және оларға қоса берілген құжаттар Қазақстан Республикасының Президентіне қайтарылуға тиіс.

41-бап. Заңсыз сотталған және толық ақталған азаматтардың мемлекеттік наградаларға құқығын соттың шешімімен Қазақстан Республикасының Президенті қайта қалпына келтіреді.

XI. Қорытынды және өтпелі ережелер

42-бап. Сыртқы түрі, атауы Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына толықтай немесе қандай да бір бөлігі ұқсас ордендер мен медальдарды, омырауға тағатын белгілер мен оларға қоса берілетін құжаттарды тағайындауға және жасауға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының, Қазақстан халқының және Қазақстан Республикасы Президентінің атынан мемлекеттік емес наградалармен наградтауға жол берілмейді.

Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 13.01.2025 № 157-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

43-бап. Қазақстан Республикасының орденін, медалі мен құрметті атаққа берілетін омырауға тағатын белгісін сатып алу, сату, айырбастау немесе өзгедей өтеуге беру, сондай-ақ мемлекеттік наградаларға қатысты басқа да заңсыз іс-әрекет жасау заңмен белгіленген жауаптылыққа әкеліп соғады.

44-бап. Осы Заң күшіне енгенге дейін "Отан", "Даңқ" ордендерімен наградталған, айырымның ең жоғары дәрежесі - "Халық Қаһарманы" атағына, Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына ие болған азаматтарға жергілікті өкілді органдар жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен жеңілдіктер беруге құқылы.

Ескерту. 44-бап жаңа редакцияда - ҚР 1999.07.26 № 462; өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

45-бап. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" 1993 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 8, 157-құжат);

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Заңды күшіне енгізу туралы" 1993 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы, 3 және 4-тармақтарынан басқасы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 8, 158-құжат).

Осы Заң 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Ескерту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.07.26 № 462 Заңымен.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

